

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.10.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы М.Д.Абилдаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Б.О.Тажиметов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.К.Апбазов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – И.С.Икапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Р.Н.Таубай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мұхамедалиева.

Күн тәртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
 - әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
 - түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу
5. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы PhD, аға оқытушы Масадикова Г: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды күн тәртібінде қарастырамыз.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова алды: Күн тәртібіндегі *бірінші* мәселеге келсек, АК жұмысы ұйымдастырылып «Өнер даярлау» бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Р.Сейтметов атындағы драма театры»ның директоры Е.И.Исатаев және «Түркістан қалалық Ақжайық музыка мектебі»нің директоры С.Б.Айсыновпен, Түркістан жоғары көпсалалы қол өнер колледжінің директоры А.К.Апбазовпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.К.Апбазов: Бұдан кейінгі келесі *екінші* мәселеге тоқталсақ, өз ойымды айтайын, шығармашылық қабілетін ашу, түйсіктерін дамыту, ғылыми әдістерді қамтитын зерттеу, қолдану, сынау, тексеру, қорытындылау процестері аясында ойлау қабілетін арттыру бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз.

Заманауи өнер және ғылыми зерттеу әдістері арқылы алынған осы дағдыларды өнеркәсіп саласында қолдану қажет. Өнердің эмоционалдылығы мен ғылымды зерттеу аясында қоғамның материалдық және рухани қажеттіліктеріне жауап бере отырып, жоғары деңгейдегі білімнің дамуын қамтамасыз ету, білімді де жауапты өнер өндірушілері мен құзыретті кадрларды дайындау керекпіз.

АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев: Күн тәртібіндегі *үшінші* мәселеге бойынша пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева алды: Төртінші мәселе бойынша, «Өнер даярлау» бағыты бойынша Тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған аккредитациясы шеңберінде стандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау бойынша постмониторинг процесінің жұмыстарын жоспарлау, жүргізу мәселесі бойынша тоқталып өтті.


Постмониторинг процесі бұл аккредиттеуден өткен күннен бастап келесі тәуелсіз, сыртқы бағалауға дейінгі аккредиттеу кезеңін қамтиды. Аккредиттеуден кейінгі постмониторинг өткізудің мақсаты аккредиттеу стандарттарын орындауды қолдау болып табылады. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттеу өлшемдеріне сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымының сыртқы сараптау комиссияның ұсынымдарын немесе білім беру бағдарламаларын іске асыру мониторингі мақсатында жүргізіледі. БББ бойынша кафедраға жіберілетін аралық есеп, БББ қатысты сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес БББ және университеттегі барлық өзгерістер, яғни оқу-тәрбие үдерісіндегі ақпаратты қамтиды. Сондықтан аккредиттеуден кейінгі постмониторинг есебін жазу барлық сұрақтар бойынша толық мәліметтерді қамтып дәлелдеуші құжаттармен бірге дайындалуы қажет.

АК төрағасы PhD, аға оқытушы Масадикова Г: Құрметті АК мүшелері «Өнер даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: «Өнер даярлау» бағыты бойынша, АК жұмыстарын ұйымдастыру. 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:

Хатшысы:



PhD, аға оқытушысы Г.Масадикова

магистр оқытушы Д.Есеналиева